

ретінде танытып, басқа елдерге дамудың баламалы жолдарын ұсынды, ал колониялық жүйе ауыр дағдарысқа тап болды. Нацистік Германия мен оның одақтастары антигитлерлік коалиция елдерінің бірлескен күш-жігерімен, соның ішінде Кеңес Одағының шешуші рөлі арқылы жеңілді. КСРО мен АҚШ арасындағы жаһандық теңсіздік және Кеңес Одағының тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге ұмтылуы қырғи-қабақ соғыстың басталуын ынталандырды. Соғыстан кейінгі саясаткерлердің халықаралық қатынастарға деген көзқарасында геосаяси мүдделер, амбициялар, идеологиялық алдын ала қабылдаулар мен күшке сену халықаралық қатынастарды реттеудің негізгі факторы ретінде басымдыққа ие болды. Мұндай қауіпті саясаттың қателіктері үшін адамзат тым үлкен баға төледі, сондықтан болашаққа сабақ алмасқа болмайды. Ең бастысы- өзара қолайлы шешімдерді іздеу арқылы, халықаралық қатынастардағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтау. Қырғи-қабақ соғысы аяқталғанымен сол жылдардың әдеттері, дәстүрлері, психологиясы із-түзсіз жоғалып кетпеді. Қырғи-қабақ соғыстың қалдықтары бүгінде, ойлау жүйесі түбегейлі өзгерген кезде де, әлі де әсерін тигізуде.

Соғыстың ең маңызды нәтижелерінің бірі- ядролық дәуірдің қатаң шындықтары әскери-техникалық иррационализмге барлығы үшін тең қауіпсіздік идеясын қарсы қоюды талап етеді. Ядролық клуб мемлекеттері арасындағы қақтығыстар болмаған жағдайда қазіргі қарудың шамадан тыс арсеналдары бар қауіп-қатерге сай келетін ақылға қонымды деңгейге дейін қысқартуды қажет етеді. Барлығы үшін тең және өзара қауіпсіздік негізінде соғысты болдырмаудың ғаламдық жүйесін құру мәселесі туындайды.

Әлемді зымыран-ядролық және кәдімгі соғыстардан сақтап қалу адамзатты шектеулі, көтерілісшілер мен партизандар жүргізетін соғыстар қарулы қақтығыстардан толықтай құтқармады. Мұндай қақтығыстарда зардап шегетін қарапайым халық, яғни бейбіт тұрғындар. Бұл соғыстарда әлемдегі ең заманауи армиялардың өзі жеңіліске ұшырап отырды, ал жеңіске халықтың қолдаусыз жету мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Г.Путин, В.А. Золотарев «Холодная война». Противостояние двух сверхдержав-I-том. - Москва, Институт экономических стратегий, 2014. (983 бет).
2. Н.В.Илиевский. «Холодная война». От потама до мальты-II-том. - Москва, Институт экономических стратегий, 2014. (582 бет).
3. А.Уткин. «Мировая холодная война». Новейшая история России. 2003. (393 бет).

## ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫНДА: ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ XV-XVII ҒАСЫРДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Сарсенбай Б.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Мустафин Е.Е.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[erka.erka.101@mail.ru](mailto:erka.erka.101@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Қазақ тарихында ежелгі және орта ғасыр дипломатиясының тарихына арналған арнайы еңбектер жоқ. Тек Қазақ хандығының әртүрлі елдермен қарым-қатынасын зерделейтін зерттеулер мен халықаралық қатынастар бойынша құжаттар мен материалдар жинағы ғана бар. Қазақ хандығы - шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орталық Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ – қазақ халқы бірігуіне негізінде XV ғасырда құрылған мемлекет. Дәл осы уақытта аймақта жаңа мемлекеттер пайда болып, олардың арасында саяси, экономикалық, дипломатиялық байланыстар күшейді. Қазақ хандығы да осы кезеңде өз тәуелсіздігін нығайтып, көршілес мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатты. Бұл кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың ерекшелігі – қазақ хандарының сыртқы саясаттағы икемділігі мен олардың геосаяси жағдайды шебер пайдалана білуі. Қазақ хандығы көрші елдермен әріптестік және одақтасу жолдарын іздестіріп қана қоймай, өз жерінің тұтастығын сақтау мен жауларға қарсы күш біріктіру үшін келіссөздер жүргізді. XV-XVII ғасырларда халықаралық қатынастардың дамуына әсер еткен негізгі факторлар мен Қазақ хандығының аймақтағы рөлін атап өту маңызды. Бұл кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы мен саяси дербестігін нығайтуға ықпалы зор болды. Осы мақалада XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының дипломатиялық байланыстарының ерекшеліктері мен олардың нәтижелері қарастырылады.

Қазақ халқы қазақ атымен мемлекет болғаннан бастап көрші елдермен қарым-қатынастар орнатты. Сол кезден бастап қазақтың Ұлы дала дипломатиясы бейбітшілік пен жарасымдылықты негізге алып, қазақ халқының ұлттық сипатын жарқырата ашып көрсете алғаны тарихи ақиқат. Қазақ хандығы үшін ішкі тұрақтылықты қолдау және түрлі ру-тайпаларды бір орталыққа бағындыру маңызды болды. Осы мақсатта дипломатиялық жолмен ішкі істерді реттеу саясаты жүргізілді. Қазақ хандығында ең алғашқы дипломатиялық байланыс Моғолстанның басшысы Есенбұғамен болған болатын. Хандықтың алғашқы кезеңдерінде, Керей мен

Жәнібек хандардың билігінде, Қазақ хандығы Моғолстанмен одақтасып, өз аумағын мен аймағын кеңейтуде қолдау тапты. Есенбұға хан қазақ тайпаларының басшыларымен одақ құруға барды, оның батыс шекарасын Әбілхайыр ханның белсенді әрекеттерінен қамтамасыз етуге, ағасы Жүністің билікті тартып алу үшін жасаған әрекеттеріне қарсы бағытталады, 1) шығыстағы ойрат тайпаларының жорықтарына қарсы күресу үшін қазақтардың әскери күшін пайдаланбақ болады; 2) ішкі саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Есенбұға хан Керей мен Жәнібекке сүйеніп, өзінің жағдайын нығайтуды мақсат етеді; 3) ең бастысы моғол ханы қазақ тайпаларының Жетісуға көшіп келуіне ешқандай қарсылық көрсете алмайтын еді [1, 143 б].

Қазақ хандығының нығаюы және оның мемлекеттік беделін арттыру жолында сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Әбілхайыр ханның Жетісу өңіріне төндірген қаупіне және ойрат-жоңғар тайпасы Амасанжының Моғолстанға жасаған шабуылына қарсы күресті. Ноғай Ордасы, Сібір хандығы және басқа Жошы ұрпағынан шыққан хандармен одақтасып, Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдарды жеңді. Мұхаммед Шайбаниға қарсы күресте Әмір Темір әулетінен шыққан Мұхаммед Мәзит Тарханмен одақтасты. Осылайша, сыртқы саясатта жеңіске жетіп отырды. Қазақ хандығы өз кезінде өмір сүрген Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандары және орыс мемлекетімен сауда-саттық және дипломатиялық байланыс орнатты. Қазақ хандары әр кезеңде елдің ішкі-сыртқы жағдайында туындаған өзгерістерге сәйкес икемді сыртқы саясатты қолдануға тырысты. Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек, Керей, Бұрындық хандар Ақ Орданың атақты ханы Ырыс ханның мұрагерлері Алтын Орда мен Ақ Орданың 200 жыл бойы ел билеген дәстүрін жалғастырушы, әскери-саяси және дипломатиялық күрес тәжірибесіне бай адамдар еді. Ал Қасым хан өте үздік шыққан мемлекет қайраткері ретінде танылды [2, 243 б].

Қасым қазақ жерінің кең байтақ далалық кеңістігінде өз үстемдігін нығайтты. 1514 жылы Сұлтан Саидтың Шығыс Түркістанға кетуі қазақ ханының Жетісудағы билігінің нығая түсуіне себепші болды. Батыста оның қол астына Ноғай ордасының дағдарысын басынан кешірген рулар мен тайпалар топтары көшіп келді. Хандықтың шекарасы Жайық өзені алабына дейін кеңейді. Оңтүстікте Қасым ханның иеліктері Сайрам уәлаятын қоса Сырдарияға дейін жетті [3, 158 б]. Қазақ хандары Қасым хан тұсында орыс мемлекетімен де дипломатиялық қарым-қатынас жасап, Батыс Еуропаға танылды. Ұлы князь Василий III (1505 - 1533) кезінде Мәскеу князьдігімен дипломатиялық байланыс орнатты. Қазақ халқы дербес ұлт ретінде Батыс Еуропаға әйгілі болды. Австрия дипломаты Сигизмунд Герберштейн өз жазбаларында бұл жайтты баяндады. Қасым хан алғашқы қазақ заңы «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде кеңінен қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сондықтан ол Қасым ханның атымен байланыстырыла отырып, «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталады. Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің ішкі-сыртқы беделін арттырып, атақ-даңқын асқақтата түсті. Белгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарих-и-Рашиди» кітабында) «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елемеді», - деп жазады. Әсіресе, қазақ хандарының Сырдария бойындағы қалалар үшін жасаған күрестері Мәскеу мемлекетіне дейін естіліп жатты. Мәскеу елшісі Данила Кубин 1536 жылы Ноғай ордасынан былай деп жазған екен: «Жұрт қазақтарды тіпті күшті деседі». Ташкенттің ханзадалары қазақтармен екі рет соғысып, бірақ қазақтар оларды жеңеді [2, 244 б]. Солтүстік пен солтүстік-шығыста Қасымның иеліктері Ұлытау мен Балхаш көлінен ары аса алысқа созылып жатты. Моңғол жаулап алушылығынан кейін бірінші рет Қазақстан территориясы, барлық дерлік қазақ рулары мен тайпалары, соның ішінде Жетісу да бір мемлекетке біріктірілді, осы тұста Қасым ханның қол астында бір миллион адам болғанын айқындады. Оның тұсында қазақ мемлекеті туралы батыс еліндегілер де білген. XVI ғасырда Қазақ хандығының Мәскеу мемлекетімен елші жіберіп, өзара байланысы басталып саяси және сауда қатынастарын дамытуға тырысты. Бұл байланыстар қазақ даласы арқылы өткен сауда жолдарын бақылауға және орыс-қазақ қатынастарын нығайтуға бағытталды. Түрік басшылармен байланысқан хаттарында Қырым ханы қазақтардың батыс бағытындағы иеліктерінің кеңейіп бара жатқанына аландаушылық білдірді.

Қазақ хандығы өз айналасындағы елдермен, әсіресе Орта Азияның отырықшы қалалық аймақтарымен сауда-саттық жасап отырды. XVI ғасырдың жазба деректері қазақ саудагерлерінің «үнемі ислам елдеріне бұрын да, қазір де барып отырғанын» атап көрсетеді. Бұл саудагерлер өздерінің малдарын немесе мал шаруашылығының шикізаттарын ғана айырбастап қоймай, қазақтардың үй кәсібінің өнімдерін де, мәселен, жүннен тоқылған шекпендерді айырбастап отырды. Сейфидің айтуынша, бұл жүн шекпендерді Бұхарадан жұрт «атлас шапанды сатып алатындай бағамен сатып алады, олар соншалықты әсем және биязы келеді» [2, 244 б]. Бұл мысалдар қазақ хандарының әскери-саяси ғана емес, сонымен қатар экономикалық тұрғыда да күшейе бастағанын көрсетеді.

XVI ғ. 30-жылдарында қазақ хандарының саяси белсенділігі негізінен оңтүстік-шығысқа бағытталды. Олар мұнда қырғыздармен одақтаса отырып, моғолдармен және ойраттармен соғысты. Сондай-ақ батыс пен солтүстікке де қатты көңіл бөлінді, мұнда олар ноғайлықтармен, башқұрттармен, татарлармен қиын қарым-қатынастыққа килікті. Бұл бағытта көрнекті қазақ ханы Хақназардың (1538-1580) жерлерді қазақ аумағын жаулардан сақтау саясаты әуел баста табысты болды. Ол ойраттарға және моғол ханы Әбд ар-Рашидке қарсылық көрсетті. Сөйтіп, Шығыстағы және Жетісудың оңтүстігіндегі қазақ жерлерін басып алушылықтан уақытша болса да сақтап қалды. Көшім хан ендігі жерде Қазақ хандығына дұшпандық позиция ұстанды. Оның

үстіне моғол билеушілері мен қазақ хандары арасында да қақтығыстар болып отырды. Осындай күрделі жағдайлармен Хақназар хан Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертті. Өзіннен бұрынғы қазақ хандары үнемі жауласушы келген Мауранахрдағы Шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Орта Азияның ең ірі қалаларының бірі Ташкентті басып алуға бағытталған өзбек қимылдарын тоқтатты. Сөйтіп, шайбани әулетінен шыққан Бұхар хан Абдолла II мен қазақ ханы Хақназар «қастаспай дос болып, өзара көмектесу» жөнінде «анттастық шарт» жасасты, Хақназар ханның бұл дипломатиялық шарасы оңдыболды.

XVI ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдарының басында соғыс қимылдарын тоқтатып, бейбітшілік орнады, қазақтармен Орта Азия мемлекетінің сауда-саттық қарым қатынас, экономикалық байланыс жақсарды. Жаңа жағдай Мұрындық ханның тұсында қазақ хандығы және қарапайым халықтың шаруашылығына игі ықпалын тигізді. Бұхар ханы Абдолла II (1557-1598) тұсында Ташкент билеушісі Баба сұлтан дербестікке ұмтылып, бүлікші атанды. Ол Бұхараға қарсы болып, Абдолла ханмен үнемі соғысты. Сөйтіп, Баба сұлтан Бұхара хандығынан бөлініп шығуға әрекет етті. Қазақ ханы Хақназар өзбек хандарының өзара қырқысына араласып, біресе Абдолла ханды, біресе Баба сұлтанды қолдап келіп, өз әскерлері арқылы өздеріне үлкен пайда түсіруге тырысып бақты. 1579 жылы Абдолла хан Баба сұлтанға қарсы жорық жасады. Қазақ ханы Хақназар оның Баба сұлтанға қарсы күресін қолдады. Қазақ хандығының аумағының ұлғайуына Хақназар ханның Абдолла ханнан Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы қайтарып алуы болды. Бұдан кейін Ташкент билеушісі Баба сұлтан қазақ хандығына Түркістан, Сауран қалаларын бергенде, қазақ сұлтандары бір мезгіл Баба сұлтанды қолдады. 1579 жылдың екінші жартысында қазақ сұлтандары келіспеушілікке келді. Олар қайтадан Абдолла жаққа шығып болып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы астыртын әрекет істеді. Бірақ бұл астыртын әрекетті сезген Баба сұлтан қазақ сұлтаны Жалымды, оның екі ұлын, Хақназар ханның екі ұлын өлтірді. Баба сұлтанның астыртын жіберген адамдары 1580 жылы Хақназар ханды өлтірді [2, 255 б]. Хақназар хан қаза болғаннан кейін, оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Өз Жәнібек немересі Шығай (1580-1582) хан болды. Ташкент билеушісі Баба сұлтанның қазақ ханы Хақназар мен Жалым сұлтанды өлтіруіне өшіккен Шығай хан және оның баласы Тәуекел сұлтан Бұхара ханы Абдолла II-мен тізе қоса отырып, Баба сұлтанның көзін жоюға кірісті. Бұл жорықта қажырлы қайрат көрсеткен Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға Абдолла хан мейлінше разы болып, Хожент деген жерді сыйлыққа береді. 1581 жылы жазда Абдолла хан қазақтың хан-сұлтандарымен бірлесіп, Баба сұлтанға қарсы жорық жасады [2, 256 б].

1582 жылы Абдолла хан тағы да қазақ ханы Шығай және оның баласы Тәуекел сұлтанмен күш біріктіріп, жорыққа аттанды. Баба сұлтан жеңіліп, Дешті-Қыпшақ даласына қашты, өзбек, қазақ әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуды. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды. 1582 жылы маусым айында Түркістан қаласының түбіндегі шайқаста Тәуекел бастаған қазақ қолы Баба сұлтанды толықтай талқандап, оның басын алды. Баба сұлтанның баласын және әскер басы әмірлерін тұтқынға алып, Баба сұлтанның басымен бірге Абдолла хан II - ге тапсырды. Қас жауын жойғанға қатты риза болған Абдолла хан Самарқан өлкесіндегі Афоикент уәлаяты Тәуекелге тарту етті. Сырдария алабындағы қала бекіністерді — Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам т. б. бұрынғыша қазақ хандығына қалдырды. Бірақ 1583 жылы қазақ ханы Тәуекел Бұхара ханы Абдолламен жасасқан «анттастық шартты» бұзып, Ташкентке шабуыл жасады. Сонымен қазақ феодалдары мен өзбек феодалдарының арасындағы жаугершілік қайта өршіді. Шығай ханның орнына отырған Тәуекел хан (1586 - 1598) тұсында Ресей мемлекеті мен қазақ хандығы арасында дипломатиялық қарым-қатынас күшейе түсті. Ресейдің мұндағы мақсаты: Қазақ хандарымен одақтасып, Сібір ханы Тәуекелдің Орта Азиядағы саясатының басты мақсаты — Бұхара ханы Көшімге қарсы күресу, осы одақтастықты пайдаланып, Орта Азия хандарымен келіссөздер жүргізу болды. Тәуекел хан Иран шахы Аббас I - пен бірігіп, Бұхара хандығына қарсы одақ құруды көздеді. 1594 жылы қаңтар айында орыс патшасы Тәуекел ханға әскери көмек көрсетпекші болды. Осыған байланысты Тәуекел хан өзінің інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхаммедті қайтарып алу үшін өз ұлы Құсайынды Мәскеуге аманат ретінде жіберді. Анттасу кезінде кепілгерлер алу әдісі қолданылды. Келісімшарт жасасылғаннан кейін кепілге берілген кісіні босатып алу қажет болатын. Кепілгерлік хандар мен сұлтандардың балалары ғана емес, былайғы туыстары да алынатын. Кепілгерлік бейбіт қарым-қатынастың, жасасылған келісімшарттың орындалуының, бағынудың бір кепілі ретінде қолданылды. Кепілгерліктің неғұрлым кең тараған түрі тәуелді хандардың адалдықтан айнымайтынының кепілдігі ретінде хан сарайына ұлдарын жіберуі болды. Тәуекел хан 1583 жылы өзбектермен «анттасқан шартты» бұзып, Бұхараға қарсы Ресеймен саяси одақ құруға қадам жасады. 1594 -1595 ж. Құлмұхаммед және Вельямин Степанов басқарған елшіліктер алмасылды. Ресейдің Абдолла II мен Көшімге қарсы соғыста Тәуекелге көмек көрсетуі, сауда қатынасын ұлғайту, қазақ ханының Ресей азаматтығын қабылдауы жайлы келіссөздер жүргізілді. Тәуекел хан Ресейдің қолдауымен Сырдария бойындағы қалалар үшін ұзақ созылған күресті сәтті аяқтады. Тәуекелдің мирасқоры Есім ханның (1598 -1628 ж. билік жүргізген) 1598 ж. Бұхарармен жасасқан бітім шарты бойынша Түркістан мен Ташкент қазақ хандығына берілді [2, 256 б].

1597 - 1598 жылдың қысында Тәуекел хан Мауараннахрдағы Абдолла хан мен оның ұлы Абдылумин арасындағы қақтығысты пайдаланып, Ташкент қаласы түбінде Абдолла ханның әскерін талқандады. 1598 жылы наурыз айында Абдолла хан қайтыс болып, оның орнына Абдылумин хан болды. Осы сәтті пайдаланып, Тәуекел хан жүз мыңнан астам қазақ әскерімен Мауараннахрға жорық жасап, Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды. Тәуекел хан өзінің туысы Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқанда қалдырып, өзі 70-80 мың әскермен Бұхараны алуға бет алды. Қазақ әскері Бұхараны 20 күн қоршауға алды, бірақ шайқаста Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентке оралып, сол жерде қайтыс болды. Тәуекел ханның

орнына хан болған Есім хан (1598 жылы) Бұхара билеушісі Мұхаммед сұлтанмен бітім шартын жасасты. Осы шарт бойынша Ташкент қаласы және оның айналасындағы жерлер 200 жыл бойы Қазақ хандығының билігінде болды. Бұл кезеңде болған ірі тарихи оқиға - Көшім хан билеген Сібір хандығының жойылуы еді. Ресейден Сібірге жорыққа аттанған Ермақтың жасағы 1582 жылы 1 қазанда Құаш тауында Сібір ханы Көшімнің әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оны жеңіліске ұшыратты. Көшім өз әскерлерімен оңтүстікке шегініп, 1598 жылға дейін орыс әскерлеріне табанды қарсылық көрсетті. Бірақ Көшім көмексіз қалған еді, себебі бұл кезде оның Орта Азиядағы одақтасы Шайбани әулеті құлап (1598 жылы), оның орнына Астархан әулеті (1599 - 1735) билікке келген еді. Ақырында біржола жеңілген Көшім Орта Азияға қашып кетті де, 1598 жылы Сібір хандығы жойылды. Бұрын Сібір хандығының қол астына қараған қазақ тайпалары Қазақ хандығына бірікті [2, 257 б]. Қазақ хандығы құрылудан бұрын қазақ тайпалары төрт хандыққа - Әбілқайыр хандығына, Моғолстан хандығына, Ноғай ордасына және Сібір хандығына қарайтын. Енді Қазақ хандығына бас қосқан қазақтар қазақтың этникалық территориясын біртұтас Қазақ түгелге жуық қамтыды. Бұл бұрыннан басталған қазақтың халық болып қалыптасу процесін біржолата аяқтады.

1598 жылы Тәуекел хан қайтыс болған соң орнына отырған Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атақпен әйгілі болды, оған бұл атақ ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауараннахрға жасаған ерекше көзге түскені үшін берілген болатын. Есім хан хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. Дәл сол уақытта Қазақ хандығының ішінде шиеліністер пайда болды. Ташкент қаласы Қазақ хандығына қараған соң, оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Ол көп ұзамай тәуелсіз хан болуға әрекет жасады. Бұл Есім ханның Қазақ хандығын орталықтандыру саясатына тікелей қауіп төндірді. 1627 жылы Тұрсын хан Есім хан жорықта жүрген уақытында оның сарайын қоршап, жақын адамдарын тұтқынға алады. Оны естіген Есім хан қатты ашуланып, Тұрсын ханға қарсы жорық жасап, оған көмектескен Қатаған халқын көзін жояды, Тұрсынды жеңіп, басын алады [2, 259 б]. Осы оқиғадан кейін Есім ханның денсаулығы нашарлағаны және қайтыс болғаны айтылады.

Есім хан қайтыс болғаннан кейін, оның орнына Жәңгір хан билікке келді. Жәңгір хан сыртқы келбетімен ерекшеленген: басы үлкен, денесі аласа әрі кең кеуделі болғандықтан, халық оны “Салқам Жәңгір” деп атаған. Жәңгір хан билік құрған кезде ойрат жоңғарларының көсемі батыр Хұнтайжы күшейген кез еді. Олар Қазақ хандығына үнемі шабуыл жасап отырды. Бұл кезеңде Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, жоңғар феодалдарының басқыншылығына қарсы күресті. Сонымен қатар, ол Оңтүстік Шыңжаңдағы Яркент хандығымен бейбіт қарым-қатынас орнатып, одақтастықты нығайту мақсатында екі рет елшілер жіберді. Бұл елшіліктерді оның ұлдары Тәуке мен Абақ сұлтандар басқарды. Жәңгір хан қырғыздармен де достық қарым-қатынас орнатуға тырысты. Оның мұндағы мақсаты осы одақтас мемлекеттердің көмегімен жоңғарлардың шабуылынан қорғану болды. Бұл кезде ойрат жоңғарлары мен Қазақ хандығы арасында қарулы қақтығыс күн сайын күшейе түскен болатын. Қазақ-ойрат қарулы күресінің тууына төмендегідей жағдайлар себеп болды деген тұжырым жасауға негіз бар. Біріншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін жайылымдық жерді кеңейту маңызды болды. Екіншіден, жоңғар феодалдары Сырдария бойындағы сауда орталықтарын өз бақылауына алғысы келді. Тарихи деректерге сүйенсек, сол кезеңде қазақ-ойрат арасында үш ірі шайқас болған: 1635 жылы, 1643 жылы және 1652 жылы. Бірінші 1635 жылы шайқас туралы нақты мәліметтер жоқ, 1643 жылы шайқаста Жәңгір хан жоңғарларды жеңіп шықты. Ол тарихта «Орбұлақ» шайқасы деп аталды. 1652 жылы қайта қазақтарға жоғары дайындықпен шабуыл жасайды. Бұл соғыста қазақ жасақтары жеңіледі. Бұл дәуірде Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы да ауыр еді. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастық өршіп отырды. Қазақ жүздердерінің арасындағы байланыс нашарлап, бір-бірінен оқшаулана бастады. Бұл жағдайлар қазақ халқын біріктіріп, сыртқы шапқыншылықтан қорғануға кедергі болды, сонымен қатар хандықты әлсіретіп, жоғарығыдай жеңіліске ұшыратып отырды.

Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680 - 1718) тұсында Қазақ хандығының бірлестігі күшейе түсті. Тәуке хан тағына отырған соң Қазақ хандығының асқынған ішкі феодалдық алауыздық пен бытырандылықты жойып, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсады. Тәуке хан өзінен бұрынғы хандар тұсында ішкі тартыстар салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің басын бір жерге қосты. Жеке-жеке ұлыстарды билеген сұлтандардың даралануына тежеу салып, қазақ хандығының ішкі бірлігін бекемдеуге барлық шараларды қолданды. Осылайша, Тәуке хан қазақ хандығын едәуір күшейтті. Бұл кезеңде едәуір қырғыз тайпалары мен қарақалпақ тайпалары Тәуке ханға тәуелді болды. Тәуке ханның сыртқы саясаты аталған елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынас жасауды мақсат еткен бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан Бұхара хандығымен бейбітшілік қарым-қатынаста болуға, Орта Азиядағы отырықшы аймақтармен, қалалармен сауда-саттық жасауға тырысты. Қазақ хандығымен жауласып келген жоңғар хандығына да соғысты тоқтатып, тату көршілік қатынас орнату жөнінде Қазыбек би бастаған елші жіберді. Қазыбек бидің жоңғар ханына айтқан сөздерінен қазақ хандығының мақсаты айқын аңғарылады :

Біз-қазақ деген мал баққан елміз,  
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп

Жылқы қылын найзасына таққан елміз,  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөз асырмаған елміз,  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса,  
Құл болам деп тумайды.  
Анадан қыз туса,  
Күң болам деп тумайды.  
Сен темір де, мен көмір – еріткелі келгенмін,  
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенмін.  
Танымайтын жат елге — танысқалы келгенмін,  
Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенмін.  
Сен қабылан, мен арыстан – алысқалы келгенмін, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.  
Бітім берсең – жөніңді айт,  
Бермесең – тұрысатын жеріңді айт.

Ол кезде мейлінше жауласып алған жоңғарлар мен қазақтардың бітімге келе қоюы мүмкін емес еді. Тәуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланысын орнатты. Ол жоңғар феодалдарының шапқыншылығынан қорғану үшін Ресейден әскери қару-жарақ сатып алмақ болды. 1694 жылы хан ордасына орыс елшілері Скибин мен Трошинді қабылдағанда Тәуке елшілерге: Түрік сұлтанының немесе Парсы шахының менен, Тәуке ханнан несі артық? – депті. Бұл Тәуке ханның Қазақ хандығын өз тұсындағындағы патшалықтардан осал санамайтындығын көрсетеді [4, 17 б]. Осылайша, XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде бір неше кезеңдерге бөлініп, әр кезең өзіндік ерекшеліктерімен, белгілерімен ерекшеленеді. Болашақта әрбір зерттеуші хандық дәуірдің әр кезеңнің басты сипатын біліп, оны одан әрі те рен қарастырып, тарихымыздағы белгісіз тұстар мен жәйттерді аша түседі деген ойдамыз.

Қазақстан мен Орталық Азияда мемлекетаралық қатынастар, ел билеушілерінің дипломатиясы күні бүгінге дейін зерттелмеген бірқатар дереккөздерде баяндалады. Дипломатия арқылы ел билеушілері сыртқы саясатты не соғысу арқылы не халықаралық байланыстарды нығайту арқылы жүргізген. Қазақ хандығының XV-XVII ғасырдағы дипломатиялық байланыстары оның тарихи дамуы мен геосаяси жағдайына тікелей байланысты болды. XV ғасырда Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, сыртқы саясат оның аймақтық тұрақтылығын, экономикалық дамуын және егемендігін қамтамасыз етуге бағытталды. Дереккөздердің ерекше бір санатына мұрағаттық материалдар: елшілік кітаптары, сыртқы саясат мұрағаттары, тарихи актілер, ресми хат алмасулар жатады. Оларда статистикалық мәліметтер мол, оқиғалар мен құбылыстарды жүйелеуге бейім, негіз боларлық хронологиялық мерзімдері болады. Миниатюралар түріндегі қолжазба ескерткіштер де мемлекетаралық қатынастардың тарихи жөнінде деректер береді. Бұлар – елшіліктерді қабылдау, сый-сияпат, тарту-таралғы беру және т.б. бейнеленген миниатюралар. Хан грамоталарында, жарлықтарында, мөрлерде, соқтырушының аты бар монеттерде бірқатар ақпарат болады. Қазақ хандығы билеушілерінің белсенді сыртқы саясаты Қасым ханның тұсынан басталады. Керей мен Жәнібектен бастап әрбір билеуші «аумақтарды жаулап алып» оларды «шекараға айналдырып» отырған. «Елдің бастауы мен шегі» деген тұжырымдаманың өзін қазақтардың моңғол дәстүрінен мұраланғанын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ хандығының құрылған уақыты ортағасырлық Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасу және даму дәуірі деп анықталады. Бұл кезеңде Қазақстандағы саяси жағдай өте орнықсыз болғаны күмәнсіз. Толып жатқан соғыс жанжалдары салдарынан бірлестіктер күшейіп, жаңадан одақтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Қазақ билеушілері Қазақ хандығының негізінен әскери күштің арқасында қол жеткен сыртқы саясаттағы жетістіктерін дипломатиялық келісімшарттардың көмегімен баянды етуге ұмтылды. Егер жағдай қолайлы болып көрінсе, олар, әрине, тәуелді қалалардың тақтарына өздерінің ұлдарын, ағайнілерін немесе хан тұқымының басқа да мүшелерін отырғызатын болды. Алайда, жетік саясаткер болғандықтан, олар көрші қаладағы тақты жергілікті әулеттің өкілін отырғызу, оны белгілі бір міндеттемелермен байланыстырып, іс-әрекетін тыңшыларға бақылатып қою арқылы сақтау анағұрлым сенімді амал болатынын білді. Сөйтіп, XV – XVII ғасырларда халықаралық қатынастар мен дипломатиялық практиканың қалыптасуы Орталық Азияда мемлекеттіліктің дамуында маңызды кезең болды. Әртүрлі санаттағы жазбаша дереккөздерді, грамоталарды, мөрлерді, титулатуралы монеттерді талдау Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарының тарихын қалпына келтіруге, келісімшарттарды, халықаралық келісімдерді, келіссөздерді, елшіліктерді, әулеттік некелерді – халықаралық дау-таластарды бейбіт жолмен шешуде билеушілердің сыртқы саясатында болған осы белгілі құралдар мен әдістердің бәрін зерттеуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. - Алматы: Сардар, 2015.
2. Мұратхан Қ. Қазақстанның көне тарихы. - Алматы: Жалын, 2008.

3. Ақышев А.К., Асылбеков М.Х., Байпақов К.М., Қасымбаев Ж.Қ., Қозыбаев. М.К. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). - Алматы: Дәуір, 1994.

Хафиз Таныш. Шараф-наме-йи шахи. РФА Шығыс қолжазбалары институты. - Алматы: Полилингва баспасы, 2018.

## ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ӘСЕРІ

Екудаева С.А.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Мустафин Е.Е.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[erka.erka.101@mail.ru](mailto:erka.erka.101@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Таяу Шығыс-әлемдік геосаясаттағы ерекше маңызға ие, бірақ сонымен бірге тұрақсыздықтың ошағы болып табылатын аймақ. Бұл аймақ ежелден бері өркениеттердің, діндердің және мәдениеттердің тоғысқан жері ретінде танымал. Алайда бүгінгі таңда Таяу Шығыс қақтығыстар мен саяси дағдарыстардың, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күрделі түйініне айналып отыр. Мұндағы ұзаққа созылған соғыстар, ішкі және сыртқы қақтығыстар, шекаралық дау-дамайлар халықаралық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, табиғи ресурстардың молдығы, әсіресе мұнай мен газдың үлкен қоры, бұл аймақты әлемдік державалардың назарында ұстап отыр. Таяу Шығыс мәселелерін терең зерттеу қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың күрделілігін, тұрақсыздық себептерін және олардың жаһандық деңгейде тигізетін әсерін түсінуге мүмкіндік береді.

1947 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі Палестина жерінде екі тәуелсіз араб және еврей мемлекетінің құрылуы туралы шешім қабылдады. Таяу Шығыс аймағында өз мүдделерін көздеген алып державалардың қитұрқы саясатының қолдауымен құрылған Израиль мемлекеті осы аймақтағы халықтардың өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Адамзат пайда болғалы бері әлем халықтарының діни, рухани өркениетінің ошағы болған жер қанды қырғын соғыстардың алаңына айналды [1, 3 б.].

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің еліміздің сыртқы саясаттағы басымдықтарының қатарында Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі»-деп атап көрсетілген [2, 43 б.].

Таяу Шығысқа біздің еліміз сыртқы саяси байланыстарымыз жүйесінде маңызды орын береді. Бұл үш ірі құрылық: Еуропа, Азия, және Африка түйісінде орналасқан осы аймақтың бірегей геосаяси жағдайымен байланысты. Бұл жерде көмірсутегі шикізатының әлемдік қорларының үштен екісі жатқанын қоса алғанда, адамдық және экономикалық елеулі ресурстар шоғырланған. Көрсетілген жағдаяттар қазіргі халықаралық қатынастарда Таяу Шығыстың барған сайын артып отырған заңды рөлін көрсетеді [3, 186 б.].

Қазіргі таңда шиеленісті реттестірудің бір ғана тиімді жолы бейбіт келісім екенін аймақтағы барлық елдер мойындап отыр. Бірақ өкінішке орай әлі де болса жекелеген мемлекеттік басшылар мен саяси ұйымдардың ұстанымдарынан аймақтағы жағдай әлі де қарулы қақтығыстарға ұласып, мемлекеттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмей отыр. Осыған орай, жер шарының түкпір-түкпірінде орын алып отырған шиеленістердің пайда болуы мен олардың реттестірілуіне кедергі түйткілдің себебін елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты ой-толғамдық еңбегінде былайша көрсетеді: Әр түрлі ендікте лаулаған әлде тұтана бастаған сандаған шиеленістер мен теке тірестердің негізінде қарапайым ғана «жарастықта өмір сүре алмаушылық» жатыр. Дәлірек айтқанда, жарасымды қамтамасыз етуге икемсіздік пен бейбіт мәмілеге қол жеткізуге сендіре алмаушылық жатыр. Сол икемсіздік те, сендіре алмаушылық та іске қатысы барларға байланысты [4, 9 б.].

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың түпкі себептері аймақтың ұзақ әрі күрделі тарихында жатыр. Бұл аймақ ежелгі Месопотамия мен Египет өркениеттерінің бесігі саналған дәуірден бастап, Парсы империясы, Рим, Византия және Осман империяларының ықпалына ұшырады. Тарихи оқиғалар мен осы империялардың ауысуы аймақтың әлеуметтік, этникалық және саяси құрылымдарын үздіксіз өзгеріске ұшыратты.

Қазіргі тұрақсыздықтың көріністері көбінесе осы ұзақ тарихи процестердің нәтижесі болып табылады. Таяу Шығыс - этникалық және діни тұрғыдан ерекше алуан түрлі аймақ. Мұнда арабтар, парсылар, түріктер, күрдтер сияқты этностар, сондай-ақ исламның суннизм мен шииттік тармақтары, христиандық және иудаизм сияқты дін өкілдері мекендейді. Бұл ерекшеліктер аймақтағы саяси шиеленістер мен қақтығыстардың туындауына негізгі себептердің бірі болды. Сонымен қатар, Таяу Шығыстың шекараларының отарлық кезеңде жасанды түрде белгіленуі, әсіресе Сайкс-Пико келісімі сияқты оқиғалар, аймақтың қазіргі саяси тұрақсыздығына айтарлықтай әсер етті. Елдердің арасындағы шекаралық даулар, мұнай ресурстарын бақылау үшін күрес және сыртқы державалардың ықпалы да аймақтың тұрақтылығы мен бейбітшілігін бұзып отыр.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде аймақтағы көптеген саяси карталар түбегейлі өзгерді. Осман империясының құлауы және оның аумағында жаңа мемлекеттердің құрылуы аймақтың саяси географиясын қайта анықтады. Бұдан бұрын осы аймақты басқарған Осман империясының саяси ықпалы